


«БЕКІТЕМІН»

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Тәрбие жұмысы және әлеуметтік

даму жөніндегі проректоры

 Ж.Е.Шпекбаев
Приложение

«15» жануар 2018 ж.

Библиотека МГУ

«Апорт» көңілді тапқырлар клубының ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелер

1.1. «Апорт» көңілді тапқырлар клубы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде ерікті негізде құрылған қазақтілді студенттік клубы (әрі қарай «Клуб» деп аталады) болып табылады.

1.2. Клуб жұмысын ұйымдастыру мен үйлестіру, клуб мүшелерінің өзара қарым-қатынастарын реттеу және жүйелеуде атаптыш ереже басшылыққа алынады.

II. Клубтың мақсаты мен міндеттері

2.1 Клубтың мақсаты:

- студент жастар арасында көңілділер мен тапқырлар клубы қозғалысын дамыту, жас буынды тәрбиелеу, жастардың бос уақытын тиімді пайдалануды насиҳаттау болып табылады;

2.2. Клубтың міндеттері:

- студент жастардың бастамаларын дамыту;
 - студент жастардың бос уақытын тиімді пайдалануды үйымдастыру;
 - КВН ойынын студент жастардың шығармашылығының бір саласы ретінде насиҳаттау;
 - КВН университет лигасы командалары арасында шығармашылық және достық қарым-қатынасты күшету;
 - дарынды жастарды іздеу;
 - студенттер шығармашылық ұжымдарының кәсіби деңгейін көтеру;
 - өзге жоғары оқу орындарындағы көңілділер мен тапқырлар клубтармен өзара тәжірибе алмасуға негізделген жолдастық кездесулер және т.б. түрлі деңгейдегі мәдени-тәнімдүк шаралар үйымдастыру.

III. Клубтың үйімдастырылуы мен қызметі

3.1. Клубтың Жоғары органы – Жалпы Жиналыс болып табылады. Жалпы Жиналыс клуб мүшелерінен туралы.

3.2. Жалпы Жиналыс құзіреті:

- Клуб Ережесін бекітіп, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
- Клуб қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттарын, жұмыс жоспарын анықтау;
- Клуб құрамының мүшелерін қабылдау және оларды құрамнан шығару мәселелерін қарастыру;

3.3. Клуб жиналысын клуб үйлестірушісі (координаторы) жүргізеді. Эрбір институттың пікір-сайысшыларына тағайындалған институт үйлестірушілері жауапты.

3.4. Клуб отырысы кезінде хатшы хаттама жүргізеді.

3.5. Клуб аптасына екі рет жиналыс өткізеді. Клуб отырысына белгісіз себептерсіз кешігіп келуге немесе мұлдем келмей қалуға болмайды.

3.6. Клуб жұмысын ұйымдастыру мен тұракты жұмыс істеуіне жауапты тұлғалар:

- Клуб үйлестірушісі;
- Үйлестірушінің орынбасарлары;
- Институт үйлестірушілері;
- Хатшы.

3.7. Клуб үйлестірушісі клуб жұмысының ұйымдастырылуы, мақсат-міндеттерінің іске асырылуына жауапты. Клуб отырыстарының тәртібін белгілеп, оларға басшылық етеді.

3.8. Клуб үйлестірушісі Жалпы Жиналыста көпшілік дауыспен сайланады. Үйлестіруші қызметіне университет қабыргасында оқытын, пікір-сайыстық тәжірибесі бар тұлға тағайындала алады. Үйлестірушілік қызмет мерзімін Жалпы Жиналыс шешімімен анықталады.

3.9. Клуб үйлестірушісінің міндеттері:

- Клуб мүшелеріне жаңа ақпараттардың клуб мүшелеріне жетуін қамтамасыз ету;
- Клуб отырысының күн тәртібін жасау;
- Ереженің клуб мүшелері тарарапынан толық және дұрыс орындалуын қадағалау;
- Клубта болатын семинар-тренингтер ұйымдастыру;
- Клуб атынан келісім жүргізу.

3.10. Клуб хатшысының міндеттері:

- Клуб отырысының хаттамасын жүргізіп отыру;
- Клуб жұмысына байланысты құжаттар мен қағаздардың жүйелілігі мен дұрыстығына жауапты.

IV. Клубқа мүше болу, клуб мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

4.1. Клубқа университетте оқытын, Клуб Ережесін қолдайтын және оның мақсат-міндеттері мен қызметін жүзеге асыра алатын кез келген студент мүше бола алады.

4.2. Клуб мүшесі болу үшін қойылатын талаптар:

- Пікір-сайыс бағдарламасын толық билетін;
- Клуб жиналысына үздіксіз түрде бір ай қатысқан;

- Казак тілін еркін менгерген.
- 4.3. Клуб мүшелігі мынадай жағдайда тоқтатылады:
- Клуб мүшесінің өз бастамасы бойынша;
 - Клуб жиналышына 5 реттен артық қатыспаған;
 - Клуб Ережесіндегі талаптар мен тәртіпті орындаған, клубтың атына кір келтірген.
- 4.4. *Клуб мүшесінің құқығы:*
- Пікір-сайыс бағдарламалары мен шараларына қатысу;
 - Клубтың қызметі туралы ақпарат алуға;
 - Клуб өкілі ретінде қоғамдық іс-шараларға қатысуға;
 - Клубтан шығу мәселесін өзі шешу.
- 4.5. *Клуб мүшесінің міндеттері:*
- Клубтың Ережесі мен бағдарламалық құжаттарындағы талаптарды бұзбау;
 - Клубтың бағдарламалық мақсаттарын көпшілікке түсіндіру және оларды қорғау;
 - Клуб жиналышының және университет басшылығы бекіткен шешімдерін орындау;
 - Клуб қатарына белсенді, білімді жастарды тарту жөнінде жұмыс жүргізу;
 - Клубтыңabyroйы мен қызметіне зиян келтіруі мүмкін іс-әрекеттерге бармау.

V. Клуб Ережесіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі

- 5.1. Осы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар тек клубтың Жалпы Жиналышының шешімімен енгізіледі.
- 5.2. Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс жасауга клубтың кез келген мүшесінің жазбаша ұсынысы қаралады.

VI. Клуб қызметін тоқтату

- 6.1. Клубтың қызметі клуб жұмысы дұрыс үйымдастырылмаған жағдайда ерікті түрде тоқтатылады.
- 6.2. Клубтың қызметін тоқтату клубтың Жалпы Жиналышының шешімі негізінде жүзеге асырылады.